| 3 | 0105000"Бастауыш білім беру" мамандығы, 0105023"Информатика пәнінен бастауыш білім беру мұғалімі"біліктілігі | 22 | 22 | 8 | 8 | 8 | 8 | 6 | 6 | 0 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | 1 | 1 | 6 | 6 |
| 4 | 0111000 "Негізгі орта білім беру" мамандығы, 0111023 "Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі"біліктілігі | 21 | 21 | 4 | 4 | 11 | 11 | 9 | 9 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 | 2 | 6 | 6 |
| 5 | 06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша) 1304043 «Техник-бағдарламашы» біліктілігі | 21 | 21 | 8 | 8 | 12 | 12 | 9 | 9 | 0 | 0 | 3 | 3 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 | 1 |
| 6 | 0103000 "Дене тәрбиесі және спорт"мамандығы, 0103023 "Дене тәрбиесі және спорт пәнінің мұғалімі"біліктілігі | 33 | 33 | 14 | 14 | 12 | 12 | 8 | 8 | 0 | 0 | 4 | 4 | 0 | 0 | 0 | 0 | 7 | 7 |
| 7 | 06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша) 3W06120101 Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы | 21 | 21 | 16 | 16 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 5 | 5 |
| 8 | 0403000"Әлеуметтік мәдени қызмет және халықтық көркем өнер шығармашылығы" мамандығы,0403013-1 "Педагог-мәдени демалыс ұйымдастырушы,би ұжымының жеткешісі"біліктілігі | 15 | 15 | 9 | 9 | 1 | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 | 1 | 5 | 5 |
| 9 | 1211000 "Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу"мамандығы, "Модельер-конструктор" біліктілігі | 23 | 23 | 15 | 15 | 6 | 6 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 6 | 6 | 2 | 2 |
| 10 | 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы 0101013 «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігі | 20 | 20 | 3 | 3 | 12 | 12 | 3 | 3 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 9 | 9 | 5 | 5 |
| | Барлығы | **216** | **216** | **93** | **93** | **80** | **80** | **42** | **42** | **0** | **0** | **8** | **8** | **0** | **0** | **30** | **30** | **43** | **43** |

**Мекен-жайы: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы**
**Телефон: 8(72534) 6-51-82**
**Электронды почта мекен-жайы: getgumcoll@mail.ru**
**Орындаған: Аташов С.Қ.**
тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) қолы
**Директор: Л.А.Баймаханова**
тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) қолы

**3.8 Студенттерге медициналық қызмет көрсету туралы ақпарат**

Студенттерге алғашқы медициналық қызметті колледждің штатындағы медбике көрсетеді. Колледждің 2024 жылғы 23 ақпанда «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі берген №24011665 медициналық қызмет айналысуға мемлекетік лицензиясы бар.

Орта медицина қызметкерінің саны - 2. Екі қызметкердің де сертификаты (А.Акимова 01.11.2024ж. №KZ23VBM02549948 жарамды мерзімі 31.10.2029ж., Г.Бутабекова 07.07.2020ж. №KZ28VBM01116974 жарамды мерзімі 07.07.2025ж.) бар. Студенттер мен қызметкерлерге дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетіледі.

Медициналық кабинет ұйымдастыру техникасымен жабдықталған.

Жыл сайын колледждің медицина қызметкерлері аудандық емхананың дәрігерлерімен бірлесе отырып 1,2 курс студенттерін медициналық тексеруден өткізеді. Жергілікті бюджеттен дәрі-дармекке қаражат бөлінеді.

Медициналық кабинет 4-бөлмеден тұрады:

1. Қабылдау бөлмесі – 14,6м2
2. Егу бөлмесі – 14,3м2
3. Стационар бөлмесі- 15,1м2
4. Фильтр - 15,1м2

**3.9 Білім алушыларды ТжКББҰ оқу мерзіміне қабылдау, ауыстыру және қалпына келтіру тәртібінің сақталуы туралы мәліметтер**

Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» №19 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы "Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №19 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы №218 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

## 4. Оқу-әдістемелік жұмыс

### 4.1 Жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларының болуы және білім алушылардың оқу жүктемесінің шекті көлемін білім деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкестігі

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығына сәйкес білім беру бағдарламаларын ҚР ҰКП «Атамекен» сайтының реестірінен алып, әр мамандықтың жұмыс оқу жоспарын әзірлеу барысында қолданылды. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша «Тәрбиешінің көмекшісі»; Педагогикалық іс-әрекет «Тәрбиеші» кәсіптік стандарты, «Негізгі орта білім» мамандығы бойынша «Мұғалім (математика, орыс тілі және әдебиеті, басқа пәндер)» кәсіптік стандарты, «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша Мұғалім (бастауыш мектепте; лицейде; гимназияда) кәсіптік стандарты, «Кәсіптік білім беру (салалар бойынша)» мамандығы бойынша «Өндірістік оқыту шебері» кәсіптік стандарты, «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша «Мұғалім» (Дене шынықтыру және спорт мұғалімі) кәсіптік стандарты, «Тігін өндірісі және киімді модельдеу» мамандығы бойынша «Кестеші; Тіріп пішуші; техник-технолог; модельер-конструктор; Бас киім модашысы; тігінші; тігуші» кәсіптік стандарты.

Оқу жұмыс жоспары ТжКББ МЖБС-ның 1-қосымшасына сәйкес келтірілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің оқу жоспары модельдерінің, модульдік оқыту технологиясы кезіндегі оқу жоспарының немесе кредиттік оқыту технологиясы кезіндегі оқу жоспары моделінің негізінде оқу нысаны мен мерзімін көрсете отырып белгілі бір бейін, мамандық және біліктілік бойынша әзірлеген.

Оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі жұмыс берушінің ескертулерін, ұсыныстары мен пікірлерін ескеру жүйесі арқылы қол жеткізіледі.

Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету үшін жұмыс берушілер тек әзірлеушілер ғана емес, сонымен қатар консультациялық сыныптар, шеберханалар, өндірістік оқыту және практикалық сабақтардың қосалқы құрамы болып табылады.

Білім беру бағдарламалары тұрақты түрде қайта қаралады және жетілдіріледі, бағдарламаларға сараптама жүргізіледі.

ОЖЖ әр жыл сайын еңбек нарығының мүдделерін ескере отырып жаңартылады. Оқу жылында жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларының дамытудағы мүдделерін зерттеу мақсатында жұмыс берушілермен кездесулер, дөңгелек үстелдер үнемі мүдделі тұлғалар мен жеке тұлғалардың қатысуымен өткізіліп тұрады.

Оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу кезінде техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына 2-қосымшаны "Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2022-2023 оқу жылдарының білім беру бағдарламаларының паспортық нысаны «Талап» КЕАҚ **сайтында реестрге** енгізілді.

Оқу жоспарын құру кезінде мыналар ескерілді: оқу жылында барлығы - 52 апта, оның ішінде 40 апта міндетті оқуға. Демалыс уақыты жылына 11 апта құрайды, оның ішінде қысқы кезеңге 2 апта, 1 апта мереке күндері. Оқу уақытының жалпы көлемі аптасына кемінде 36 сағат міндетті оқу жүктемесі есебінен айқындалды (бұл ретте көрсетілген көлемге факультативтер мен консультациялар кірмейді), білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі аптасына 54 сағаттан аспайды. 1 кредит -24 акдемиялық сағат, 1 академиялық сағат -45 минут, шартты түрде 1 оқу жылы- 60 кредит. Жалпы білім беру пәндері – 60 кредит/1440 сағат. Орта буын маманын игеруге -180 кредит бөлу жүргізілді. Өндірістік оқыту және кәсіптік практика көлемі кәсіптік модульдерге оқу уақытының жалпы көлемінің 40 пайыз құрайды. Оқу уақытының көлемі семестрлер бойынша сағатпен бөлу жүргізілді. Жұмыс оқу жоспары келесі құрылымды қамтыды: титул парағы, оқу процесінің кестесі, уақыт бюджеті туралы жиынтық мәліметтер, оқу процесінің жоспары, оқу жоспарына түсіндірме жазба.

2024-2025 оқу жылдарында «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі №500 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 21.07.2021 №354 бұйрығына сәйкес колледждің мемлекеттік лицензиясы және оның қосымшалары қайта рәсімделіп, білім беру қызметі төмендегі мамандық бойынша жүргізіледі:

| **Мамандық коды** | **Мамандық атауы** | **Біліктілік коды** | **Біліктілік атауы** |
|---|---|---|---|
| 01120100 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 4S01120102 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі |
| 01140500 | Дене тәрбиесі және спорт | 4S01140501 | Дене тәрбиесі мұғалімі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 01140100 | Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі | 4S01140101 | Бастауыш білім беру мұғалімі |
| | | 4S01140102 | Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі |
| 01140200 | Музыкалық білім беру | 4S01140201 | Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі |
| 01140600 | Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі | 4S01140602 | Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі |
| 01140700 | Информатика | 4S01140701 | Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі |
| 02151000 | Халықтық көркем шығармашылығы (түрлері бойынша) | 4S02151001 | Көркемөнерпаздар хореографиялық ұжымының жетекшісі, оқытушы |
| 06120100 | Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша) | 3W06120101 | Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы |
| 06130100 | Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 4S06130103 | Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы |
| 07140500 | Сандық техника (түрлері бойынша) | 4S07140504 | Техник-электронщик |
| 07230100 | Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу | 4S07230106 | Модельер-конструктор |

Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі ТжКОББ кредиттерімен өлшенеді. ТжКОББ кредитінің түрі біліктіліктегі оқу нәтижелерінің жалпы салмағының және біліктілікке қатысты оқу нәтижелерінің нақты салмағының сандық көрінісі ретінде түсіндіріледі.

Кредиттік оқыту технологиясы кезінде міндетті оқу кредиттерінің саны:

- негізгі орта білім базасында жұмыс біліктіліктерін игеруге арналған 120-180 кредиттен;

- жалпы орта білім базасында жұмыс біліктіліктерін игеру үшін 60-120 кредиттен;

- негізгі орта білім базасында орта буын маманы біліктілігін игеру үшін 180-240 кредиттен. Кредиттердің осы көлемі шеңберінде 2 жұмыс біліктілігіне дейін игеруге жол беріледі;

- жалпы орта білім базасында орта буын маманы біліктілігін игеру үшін 120-180 кредиттен. Кредиттердің осы көлемі шеңберінде 2 жұмыс біліктілігіне дейін игеруге жол беріледі;

- техникалық және кәсіптік білім базасында орта буын біліктілігін игеру үшін 60 кредиттен (мәндес біліктілік бойынша);

Міндетті оқытуға арналған оқу уақытының көлемі оқу жылына 60 кредит/1440 сағатты құрайды.

| № | Мамандықтың атауы мен коды | Міндетті апталық оқу жүктемесі, сағат | ОЖЖ-ғы апталық оқу жүктемесі, сағат | Стандарт талабына сәкестігі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі | 36 | 36 | сәйкес |
| 2 | 01140500 Дене тәрбиесі және спорт | 36 | 36 | сәйкес |
| 3 | 01140700 Информатика | 36 | 36 | сәйкес |
| 4 | 01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 36 | 36 | сәйкес |
| 5 | 01140200 Музыкалық білім беру | 36 | 36 | сәйкес |
| 6 | 01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі | 36 | 36 | сәйкес |
| 7 | 06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 36 | 36 | сәйкес |
| 8 | 07140500 Сандық техника (түрлері бойынша) | 36 | 36 | сәйкес |
| 9 | 06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша) | 36 | 36 | сәйкес |
| 10 | 07230100 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу | 36 | 36 | сәйкес |
| 11 | 02151000 Халықтық көркем шығармашылығы (түрлері бойынша) | 36 | 36 | сәйкес |

**4.2 Білім алушылардың аралық, қорытынды және қайта аралық, қайта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу.**

Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжінде студенттердің білімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік,

орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №125 бұйрығы негізінде бағалау жазбаша және ауызша түрде қабылдау міндеттелінген. Аралық аттестаттау материалдары әрбір оқу пәнінің оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде жасалады. Оқытудың барлық нысандары бойынша емтихан кестесін колледж директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары бекітеді және оқытушылар мен білім алушылар назарына кезекті аралық аттестаттау басталардан бір ай бұрын хабарланады. Кесте хабарландыру тақталарына ілінеді.

Білім алушыларды аралық аттестаттаудан өткізудің пәндер тізбесі мен нысанын мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары белгілейді. Оқытушының пәнді оқыту бағдарламасына сәйкес, аралық аттестаттаудың қорытындысы - білім алушылардың білімін жүйелі тексеруі арқылы айқындалады. Емтихан тапсыру сандық бес балдық жүйе және пайыздық бойынша жүргізіледі.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» №382 бұйрығы негізінде аралық аттестаттаудың емтихан ведомостары құжаттары рәсімделген.

2024-2025 оқу жылы білім алушыларды аралық аттестаттау ОЖЖ мен ЖОБ және жылдық оқу үдерісінің кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Сынақтар және емтихандар нысанында, сондай-ақ, сынақтар және курстық жобаларды қорғау емтихандар басталғанға дейін өткізіледі. Сараланған бағамен өткізілетін бақылау жұмыстары, сынақтар, емтихандар, курстық жұмыстар (жобалар) кәсіптік тәжірибе бойынша сондай-ақ тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын арнайы пәндер бойынша жүргізіледі.

Білім алушыларды емтихан нысанына аралық аттестаттаудан өткізу барысында емтихан билеттері, тест тапсырмалары құрастырылып, оқу бөлімімен бекітіледі. Сынақ, емтихан, курстық жұмыс(жоба), дипломдық жоба қорғау кезінде білім алушылардың білімін бағалау, цифрлық бес балдық жүйе бойынша бағалау тәртібіне сәйкес жүзеге асырылып, өтілу барысы оқу бөлімі тарапынан бақыланған.

Ағымдағы бақылау пәндері бойынша оқу бағдарламасында көзделген міндетті бақылау жұмыстарын (реферат, білім алушының өзіндік жұмысы) алынған.

Аралық аттестаттау мамандық бейінін ескере отырып бекітіледі. 1-ші курс студенттеріне жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау мына пәндер бойынша жүргізіледі:

- Қазақ тілі
- Қазақстан тарихы
- Орыс тілі және әдебиеті
- Математика
- Биология немесе физика.

2024-2025 оқу жылы жұмыс оқу жоспарына сәйкес мамандықтар мен біліктіліктері бойынша топтардың аралық аттестаттау қорытындысы бойынша білім алушылардың алған бағалары жинақ ведомосына түсірілді.

Бақылау, сынақ, емтихан сұрақтары кафедрада талқыланып, оқу бөлімімен бекітілген. Білім алушыларға кеңес өткізіліп, сұрақтар талқыланған. Бақылау сұрақтары нұсқаларға бөлініп, жауабы жазбаша алынған. Сынақ-емтихандардың бағасы білім алушының сынақ кітапшасына қойылған. Әр оқытушы сынақ-емтиханның қорытынды бағасын ведомостқа түсіріп, оқу бөліміне өткізеді. Аралық емтихан нәтижелерінің қорытындысы бойынша әр топ жетекшілері оқу бөліміне жинақ ведомосын өткізіліп отырады.

2024-2025 оқу жылдарындағы білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттау, дипломдық жобалардың оқу жұмыс жоспарына сәйкес бұйрықтар шығарылды. Қорытынды емтихан алу түрлері педагогикалық кеңесте бекітілген.

Білім алушылардың базалық және кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін бақылау үшін мемлекеттік қорытынды аттестаттау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген "Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесі" және "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығы негізінде комиссия тағайындалады.

Қорытынды мемлекеттік аттестаттау барысында білім алушы комиссия мүшелерінің алдында өз білімдерін көрсетеді, баға комиссияның барлық мүшелерінің орташа бағалау балын есепке ала отырып қойылады. Баға қорытындысы оқу тобының білім алушыларына комиссия мүшелерінің алдында жарияланады. Хатшы хаттамаларды толтырып, колледж мұрағатына тапсырады.

2024-2025 оқу жылы білім алушылардың білім деңгейін бағалау процесінің көрсеткіші, оның ішінде емтихан, аралық және қорытынды аттестаттау, дипломдық жобалардың оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын пәндер бойынша кестелері түзілді. Білім алушыларды аралық аттестаттау ОЖЖ мен ЖОБ және жылдық оқу үдерісінің кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Сынақтар және емтихандар нысанында, сондай-ақ, сынақтар және курстық жобаларды қорғау емтихандар басталғанға дейін

өткізіледі. Сараланған бағамен өткізілетін бақылау жұмыстары, сынақтар, емтихандар, курстық жұмыстар (жобалар) кәсіптік тәжірибе бойынша сондай-ақ тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын арнайы пәндер бойынша жүргізіледі.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы дауыс беру құқығынсыз хатшыны қоса алғанда кәсіпорындардың білікті мамандарынан, арнайы пәндер оқытушыларынан, өндірістік оқыту шеберлерінен және оқу орнын басқарудың алқалы органдары өкілдерінен, яғни жұмыс берушілер өкілдерінен 60% - дан кемемес және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өкілдерінен 40% - дан артық емес арақатынасында құрылды. Колледждің білім алушыларын қорытынды аттестаттау оқу процесінің кестесінде көрсетілген мерзімде және мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен белгіленген оқу жұмыс жоспарларының нысандары бойынша өткізілді.

***Колледждің жалпы әдістемелік тақырыбы: «***Кәсіби білім беруде педагогикалық тәжірбиенің озық үлгілерін пайдалана отырып, өзін-өзі дамытатын, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, халықаралық стандарттарға негізделген, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау»

***Мақсаты:***

Сапалы білім беру мен тәрбиелеу арқылы заман талабына сай кәсіби құзіретті маман даярлау. Педагогтардың кәсіптік білімдері мен шеберліктерін жетілдіру, шығармашылық әлеуетін дамыту, педагогикалық үдерістің тиімділігі мен сапасын арттыру.

Кәсіби - білікті және бәсекелестікке қабілетті мамандарды заманауи педагогикалық және ақпараттық технологияларды біріктіру арқылы дайындау.

**Міндеттері:**

- Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және кәсіби құзіреттілігін көтеру бойынша жұмыс жүйесін жетілдіру;
- Шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаздардың тәжірибесін жинақтау және тарату;
- Ғылыми ойларды, білім беру технологияларын оқу-тәрбие үрдісіне енгізуге ықпал жасау, тиісті шараларды ұйымдастыру;
- Оқытушылардың педагогикалық шеберлігін, шығармашылығын жетілдіріп, дамытуға тиісті әдістемелік көмек беру;
- Баспасөз беттеріне, әдістемелік сайттарға оқытушылардың мақалаларын жариялауға бағыт- бағдар беру, оқу – әдістемелік жұмыстарын насихаттауды арттыру;
- Оқытушылардың кәсіптік біліктілігін жетілдіру және өз бетімен білім алуын қамтамасыз ету.

**Жұмыстың негізгі бағыттары:**

- Білім үрдісіндегі оқу-әдістемелік кешендерін жасау мен жаңартуда оқытушыларға көмек көрсету;

- Жаңа технологиялар мен алдыңғы қатарлы әдістемелерді, озат педагогикалық іс- тәжірибе таратуды оқып, танысып, жүйелеу;
- Педагогтардың әдістемелік жұмыстарын жоспарлау және сараптау, әдістемелік жұмыстардың уақытылы орындалуын қадағалау;
- Колледж оқытушыларының әдістемелік жұмысының базасын жүргізу және ұйымдастыру;
- Тәжірибелік-эксперименттік, инновациалық жұмыстардың түзету қызметін өткізу және дайындау.

Оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде заманауи инновациялық оқыту технологияларын қолданады, өйткені жаңа технологияларды пайдалану өз пәнін оқытуда оқытушы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Колледж оқытушыларының негізгі міндеті: заман талабына сай жоғары білікті мамандарды дайындау, студенттердің танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту. Теориялық пәндер оқу пәнінде оқытушының құзіреттілік және кәсіби деңгейі өте жоғары. Сонымен қатар, оқу процесінде зерттеу және проблемалық оқыту, дамыта оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологияларын тиімді пайдаланады. Оқытушылардың қолданыстағы оқыту әдістері мен құралдары әр түрлілігімен ерекшеленеді. IT-технологияны, интерактивтік құралдарды қолданады.

**2024 жылдың қазан айының 25 күні** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығымен бекітілген "Үздік педагог" атағын беру конкурсына колледж әдіскері **Назым Ермаханқызы Айдарханова қатысып «2024 жылдың үздік педагогі»** атағының иегері атанды.

**2024 жылдың қараша айының 22 күні** «Білім беруді дамыту орталығының» жұмыс жоспарына сәйкес Қапланбек жоғары аграрлық колледж базасында өткізілген «жаңа заман-жаңашыл-ұстаз» ТжКБ ұйымдарының жалпы білім беру пәндері оқытушылары арасында өткізілген байқауға ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Базарбаева Сауле Акимовна жүлделі **II орынды** жеңіп алды.

**2024 жылдың желтоқсан айының 13 күні** Мақтаарал аграрлық колледжінің 100 жылдық мерей тойына орай ТжКБ ұйымдарының оқытушылары арасында өткізілген облыстық «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасының «Жасампаздық және жаңашылдық құндылығы аясында өткізілген «Еңбек нарығындағы жоғары кәсіби дағдылар мен бәсекеге қабілетті маман дайындауда цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференцияда физика пәнінің оқытушысы Ақбалаева Лаура Тұрмаханқызы жүлделі **I орынды** иеленді.

**2025 жылы ақпан айының 12-13 күндері** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасында «Білім беру» саласы бойынша өткен облыстық кәсіби шеберлік конкурсында математика пәнінің оқытушылары Жүсіпбекова Мөлдір Убайдуллақызы

жүлделі **I орынды** және Сыздықова Бағила Болатқызы жүлделі **II орынды** иеленді.

**2025 жылдың 27 ақпан күні** Ақмола облысы, Щучинск қаласындағы «Жоғары педагогикалық колледжі» базасында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасында “Білім беру” саласы бойынша кәсіби шеберлік байқауының республикалық кезеңінде арнайы пән оқытушысы Мөлдір Жүсіпбекова қатысып, **«Кәсіби шебер»** номинациясын иеленді.

**2025 жылдың 24-27 ақпан күндері** «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Кентау қаласында ұйымдастырылған «Regional Skills KMK – 2025» аралық чемпионатында «Прототиптеу” құзіреттілігі бойынша «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының студенттері Қарсыбай Патима Берікқызы **«Алтын медаль»**, «Инжинерлік графика және CAD» құзіреттілігі бойынша Кенжебай Нұрасыл Ерболұлы **«Күміс медаль»** иегерлері атанды.

**2025 жылы 21-25 сәуір** күндері өткен «WORLDSKILLS TURKISTAN-2025» облыстық чемпионатына студенттеріміз 11 құзыреттілік бойынша қатысып, 3 алтын, 1 күміс, 1 қола, 2 ерекше медальон иеленді.

Атап айтқанда:

1. Бастауыш сыныпта оқыту» құзыреттілігі бойынша Маханбет Әдемі Муханқызы, жетекшісі Жусупбекова Молдир Убайдуллаевна, **«Алтын» медаль** жеңімпазы атанып, республикаға жолдама алды.

2. «Веб технологиясы» құзыреттілігі бойынша Адилханов Дархан Сакенұлы, жетешісі Салихова Гулжахан Халтуреевна, **«Алтын» медаль** жеңімпазы атанып, республикаға жолдама алды.

3. «Прототиптеу» құзыреттілігі бойынша Қарсыбай Патима Берікқызы, жетекшісі Абсаматова Құндыз Абдрайымқызы, **«Алтын» медаль** жеңімпазы атанып, республикаға жолдама алды.

4. «Компьютерлік ойындарға арналған 3D модельдеу» құзіреттілігі бойынша Жұмабай Ернұр Мадиярұлы, жетекшісі Шахабай Бердібек Сұлтанғазыұлы, **«Күміс» медаль** иегері.

5. «Графикалық дизайн» құзыреттілігі бойынша Жунисов Әкімжан Маханбетұлы, жетекшісі Унеров Бахыт Тулегенович, **«Қола» медаль** иегері.

6. «Мобильді қосымшаларды әзірлеу» құзыреттілігі бойынша Халдарова Камила Асанқызы, жетекшісі Бекмухамедова Асем Турганбаевна, **«Ерекше медальон»** иегері.

7. «CAD Инженерлік графика» құзыреттілігі бойынша Кенжебай Нұрасыл Ерболұлы, жетекшісі Атабаев Ергеш Юсупович, **«Ерекше медальон»** иегері.

**2025 жылдың 28-30 сәуір күні** Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданында өткізілген Worldskills Kazakhstan кәсіби шеберлік чемпионатының құрамдас бөлігі «DalaSkills - 2025»І өңіраралық шеберлік чемпионатына «Қазақтың би өнері» құзіреттілігі бойынша Ағайдар Аяжан Нұржігітқызы, жетекшісі Нағалиева Күлаш Айтбаевна «Үздік маман» номинациясына ие болды. «Домбырамен халық әнін айту» құзіреттілігі

бойынша Сырлыбаев Бақдаулет Ерболатұлы, жетекшісі Сати Мадина Жақсыбайқызы «Үздік маман» номинациясына ие болды.

**2025 жылдың 30-сәуір күні** «Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік Топ - 100 студенті» республикалық байқауында «Музыкалық білім беру» мамандығының 2 курс студентіміз Бейсенбай Аяулым Ақбердіқызы, жетекшісі Ешмуратова Феруза Оңғарбекқызы топ жарып, жеңімпаз атанып, Оқу ағарту министрі Ғ.Б.Бейсембаевтан марапат алды.

2024 жылдың 2-қыркүйек күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз» деді.

**«2025 жыл - жұмысшы мамандықтар жылына»** орай колледжде іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Жоспардың **мақсаты:**

- ✓ Жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру;
- ✓ жастарды техникалық және кәсіптік білім алуға ынталандыру;
- ✓ еңбек нарығына қажетті білікті кадрларды даярлау.

**Міндеттері:**

- ✓ Жұмысшы мамандықтарын насихаттау;
- ✓ арнайы іс-шаралар өткізу арқылы студенттердің білімін жетілдіру;
- ✓ серіктес ұйымдармен бірлесе отырып тәжірибелік сабақтар ұйымдастыру.

Осыған орай түзілген колледжішілік іс-шара жоспарына сәйкес «2025 жыл – жұмысшы мамандықтар жылына арналған іс-шаралар жоспары» аясында:

- 2025 жылдың 30-қантар күні «Жұмысқа орналасу - бақытыңның бағдары» атты Жетісай ауданының «Мансап орталығымен» біргелікте «Бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі»;
- 7-ақпан күні «Озат тәжірибе-көпке ортақ» тақырыбында колледждің әлеуметтік серіктестерінің қатысуымен дөңгелек үстел;
- 14-ақпан күні «JS BREND» тігін цехы жайлы сюжет түсірілді;
- 3-наурыз күні «Ашық есік» күні өткізілді;
- 5-наурыз күні 8-наурыз мерекесіне орай, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқитын және білім беретін аруларға арналған «Мен техникалық арумын» челленджін өткізілді;
- 3-сәуір күні «Мамандықтар әлемі: таңдаудан-табысқа» тақырыбымен өңірлік тәжірибелік алаңы ұйымдастырылды. Оған оқу орнының әлеуметтік

серіктес мекемелері, жұмыс берушілері және аудандағы 30 мектептен, 400-ден аса 9-11 сынып оқушылары, кәсіби бағдар беру педагогтары қатысты. Тәжірибе алаңының мақсатына сәйкес мектеп бітірушілеріне колледжде дайындалып жатқан мамандықтар туралы терең түсіндіріліп, материалдық-техникалық база таныстырылды. Сонымен қатар үздік оқытушылар шеберлік сыныптарын өткізіп, маман даярлау бағытындағы беріліп жатқан білімнің сапалы жүргізіліп жатқанын көрсетті.

## КОЛЛЕДЖ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМДЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ:

2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысы ҚР оқу-ағарту министрінің 2020 жыл 6 сәуірдегі №130 және 2024 жылғы №194 бұйрығына сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде жоспарланған. Барлық іс-шаралар бағдарламаның төмендегі Тәуелсіздік және отаншылдық, Бірлік және жанашылдық, Әділдік және жауапкершілік, Заң және тәртіп бағыттары бойынша жүргізілуде. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу–барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз–жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету,толыққанды білім алуына жағдай жасау,олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау - Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір-бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс.Білім беру ұйымдарындағы тәрбие - тәрбие сағаттарымен қатар сабақ процесінде, әр түрлі қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру барысында және оқытушының келбеті яғни, жүріс-тұрысы, киім киісі, сөйлеу мәнері арқылы беріледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан- Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» - дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- еңбастысы,әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүние танымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге
- тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

Колледжішілік есепте тұратын студенттер саны-16. Оның үшеуі денсаулығына байланысты академиялық демалысқа шықты. Қазіргі таңда 13 студент тіркеуде.

Жетісай АПБ тіркеуде тұрған-3 студент. (1 студент академиялық демалысқа кетті). Қазіргі таңда 2 студент.

Тәуекел тобында -15 студент. Оның ішінде:

Ата-анасы сотталған-4 студент

Өгей әке - 1, өгей анамен тұратын-5 студент.

Физиологиялық өлшеміне байланысты психоневропотологта есепте тұратын -3 студент.

Оқу-педагогикалық өлшеміне байланысты сабақты себепсіз көп қалдыратындар -2 студент. Ерекше бақылаудағы студенттермен және ата-аналарымен жеке психологиялық кеңес, сұхбаттар өткізілді. Үйлеріне барып, тұрмыстық жағдайымен таныстық. Осы студенттерді қатыстырумен әртүрлі кездесулер, дөңгелек үстелдер, семинар-кеңестер өткізілді. Есепте тұратын және тәуекел тобындағы студенттердің барлық іс-шараларға қатысуы үнемі бақылауда. Ұжымдық іс-шараларға қатысу арқылы ерекше бақылаудағы студенттердің көзқарасы, мінез-құлқы өзгеріп келеді.

Хиджаб киген қыздардың саны көбеюде.

Филология бөлімі-2 студент(1 қазақ, 1 тәжік)

Информатика бөлімі-2 студент( 1қазақ, 1 тәжік)

Өнер бөлімі-5 студент( 1 қазақ, 4 тәжік)

Педагогика бөлімі-7 студент( 6 қазақ, 1 тәжік)

Бағдарламалау бөлімінде 2 қыз хиджаб киген, бөлім меңгерушісі жұмыс жүргізіп, нәтижесінде 2 қызда хиджабсыз келіп жүр.

Колледж студенттерін сабақтан тыс уақытын тиімді пайдалануға үйрету мақсатында әртүрлі қоғамдық жұмыстар мен клубтарға, үйірмелерге тартылған.

Жастар ісі комитетіне тартылған білім алушылар саны - 293

Қоғамдық пайдалы қызметке тартылған білім алушылар саны - 492

Студенттік парламентке тартылған білім алушылар саны - 21

«Жас сарбаз» үйірмесіне тартылған білім алушылар саны- 50

2024 жылдың 1-қыркүйек күні Білім күні мен 30-тамыз –Конституция күніне орай «Білім күні – бейбітшілік күні» тақырыбында алғашқы қоңырау салтанатты жиыны болып өтті.

2024 жылдың 2–қыркүйек күні «Адал адам. Адал еңбек. Адал табыс!» тақырыбында кураторлық сағаттар өткізілді.

2024 жылдың 5–қыркүйек күні «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында I курс студенттерімен «Тәртіп – тәрбие бастауы, тәртіпсіздік өміріңнің қас жауы» тақырыбында семинар - кеңес өтті.

2024 жылдың 17–қыркүйек күні 2024-2025 оқу жылының басталуымен қатар оқу орнымыздың табалдырығын биыл аттаған I курс студенттерімен кездесу жиыны ұйымдастырылды

2024 жылдың 17–қыркүйек күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған нұсқасын оқу-тәрбие процесіне енгізу мақсатында Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжінің педагогикалық ұжымымен семинар өткізілді.

2024 жылдың 18–қыркүйек күні «Жемқорлықсыз қоғам – ұлттың жарқын келешегі» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді.

2024 жылдың 25–қыркүйек күні «Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбында аудандық форум ұйымдастырды.

2024 жылдың 25–қыркүйек күні «Менің жетістігім- менің нәтижем» тақырыбында дебат турнирі өткізілді.

2024 жылдың 30–қыркүйек күні 1- қазан - халқаралық қарттар күніне орай Жетісай қаласында тұратын қазыналы қарт кісілердің шаңырағында болып, өмірлік ұлағатын тыңдап, үй- іші шаруаларына қолғабыс жасап қайтты.

2024 жылдың 1–қазан күні «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында «Кітапхана-табыс мекені» атты ашық есік күні өтті.

2024 жылдың 1–қазан күні «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында «Тілім менің мерейім!» атты өлең оқу байқауы өтті.

2024 жылдың 6–қазан күні Ұлттың ұлы мұраты жолында еңбек етіп келе жатқан ұстаздар мерекесіне арналған «Ұстазым менің, ұстазым» тақырыбында іс шара өтті.

2024 жылдың 12–қазан күні «Сүт безінің аурулары» тақырыбында кездесу өткізілді.

2024 жылдың 22–қазан күні Жастардың бойында ұлттық құндылықтарды дамыта отырып, лудомания, буллинг, кибербуллинг әрекеттерінің алдын алу, интернет алаяқтықтан сақтандыру мақсатында кездесу өткізілді.

2024 жылдың 22–қазан күні «Жастардың құқықтық сауаттылығын және құқық қорғау органдарына сенім деңгейін арттыру» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

2024 жылдың 22–қазан күні «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы Перден Ұлмекеннің қатысуымен семинар өтті.

2024 жылдың 24–қазан күні «25-қазан Республика күні» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті.

2024 жылдың 25–қазан күні «Үш бәйтерек, үш діңгек» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

2024 жылдың 25–қазан күні «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» тақырыбында Тоғызқұмалақ, Қол күрес, Арқан тарту ойындарынан жарыс өткізілді.

2024 жылдың 25–қазан күні «Менің елім-Қазақстан» тақырыбында патриоттық ән фестивалі өтті.

2024 жылдың 1–қараша күні «Мәңгі сөнбес жарық жұлдыз» тақырыбымен колледж кітапханасында қазақтан шыққан тұңғыш академик Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен қызметі, ғылыми жаңалықтары туралы танымдық кеш өтті.

2024 жылдың 2–қараша күні «Таза Қазақстан» кең ауқымды акциясы шеңберінде тазалық жұмыстары жүргізілді.

2024 жылдың 13–қараша күні «Спорт - біздің серігіміз» колледж оқытушылары арасында волейбол жарысы өтті.

2024 жылдың 13–қараша күні «Менің денсаулығым - менің болашағым» кіші футболдан студенттер арасында жарыс өтті. «Жігер жеңіске жетелейді» тақырыбында колледж студенттері (ұлдар) арасында волейболдан жарыс өтті.

2024 жылдың 13–қараша күні «Ұстазымыз және біз, спорт сүйер ұланбыз» студенттер (қыздар) арасында волейболдан жарыс өтті.

2024 жылдың 13–қараша күні «Көңілді эстафета» студенттер арасында көңілді эстафеталық ойындар өтті.

2024 жылдың 13–қараша күні «Ойна да, ойлан» тақырыбында тоғызқұмалақ ұлттық ойынынан жарыс өтті.

2024 жылдың 13–қараша күні «Білегі мықтының жүрегі мықты» тақырыбында қолкүрес және гіртасын көтеруден студенттер арасында жарыс өтті.

2024 жылдың 13–қараша күні «17-қараша студенттер күніне» орай орта арнаулы оқу орындары студенттері арасында «Спорт-біздің серігіміз!» ұранымен волейболдан турнир өткізілді.

2024 жылдың 19–қараша күні «Ауданның көркі – Жетісай» атты тарихи- танымдық кездесу өткізілді «Үздік педагогикалық эссе» байқауы өтті. “Жастар және жауапкершілік” тақырыбында кездесу өтті.

2024 жылдың 21–қараша күні «Эмоционалды интеллект: жеке даму жолдары» тақырыбында психологиялық-тренинг өтті.

2024 жылдың 12–желтоқсан күні «Тәуелсіздіктің дара жолы» атты кездесу өтті.

2024 жылдың 20–желтоқсан күні «Тәуелсіздік тұғыры – Ана тілім» атты аудандық байқау өткізілді.

2024 жылдың 21–желтоқсан күні «Әлімжеттік және бопсалауға жол бермейік» тақырыбында Жетісай АПБ қызметкерлерімен бірге кездесу өткізілді.

2024 жылдың 21–желтоқсан күні «Тәуелсіздік -тынысың, бүгінгі - дәулетің, ертеңгі – ырысың».

2024 жылдың 26–желтоқсан күні Ж. Аймауытовтың 130 жылдығына орай «Ұрпағы ұлықтаған тұлға» атты ғылыми- практикалық конференция болып өтті.

2024 жылдың 31–желтоқсан күні Жаңа жыл- өткен жылға қорытынды жасап, жаңа арман, жаңа үмітпен келер жылға қадам басатын ерекше уақыт.

2025 жылдың 6–қаңтар күні Әділханов Дархан Сәкенұлы оқу үлгерімі мен қоғамдық белсенділігі үшін «Үздік студент» және Нурмурод Жансезім Улугбекқызы әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудағы белсенділігі мен қайырымдылық іс-шараларға қосқан үлесі үшін «Үздік ерікті жас» атанып , аудан әкімі С. Мамытовтың марапатына ие болды.

2025 жылдың 14–қаңтар күні жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық, зорлық-зомбылық пен әлімжеттік, адамның қадір-қасиетіне тиіспеу жөнінде айтып, әрбір құқықбұзушылық заңды жауапкершілікке алып келетіндігін түсіндірді.

2025 жылдың 14–қаңтар күні «Ішімдіктің, шылым шегудің және нашақорлықтың зияны» тақырыбында кездесу ұйымдастырды.

2025 жылдың 16–қаңтар күні «Спорт - денсаулық кепілі» тақырыбында кафедра оқытушылары арасында эстафеталық спорттық сайыс өтті.

2025 жылдың 16–қаңтар күні «Жарасымды қарым-қатынас» тақырыбында психологиялық тренинг өтті. Ерте жүктіліктің алдын алу

бойынша сауалнама жүргізілді.

2025 жылдың 24–қаңтар күні «Сыбайлас жемқорлықпен күрес - жастардың міндеті» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

2025 жылдың 27–қаңтар күні «Томирис», «Бауыржан Момышұлы» фильмдерін және «Ахмет. Ұлт ұстазы» атты телесериал көрсетілді. «Құқық бұзушылықтың алдын алу - басты парыз» тақырыбында кездесу өтті.

2025 жылдың 6–ақпан күні «Жас маманның кәсіби дамуының құралы –өзін-өзі тәрбиелеу» тақырыбында дәстүрлі жас мамандар айлығының ашылу салтанаты өтті.

2025 жылдың 13–ақпан күні «Мамандығым - таңдаған сара жолым» тақырыбында концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

2025 жылдың 14–ақпан күні Еңбек адамы- ел байлығы. «Білім беру» саласы бойынша облыстық кәсіби шеберлік байқауы өтті.

2025 жылдың 17–ақпан күні «Нашақорлық – қоғам дерті» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

2025 жылдың 21–ақпан күні «Жұмысшы мамандықтары жылына» орай Жетісай қаласының тазалығын қамтамасыз етуші «Жетісай – тазалық» мекемесі жұмысшыларына құрмет көрсетілді. Оқу орнының «Студенттік парламент» мүшелері олардың жұмыстарына қолғабыс жасап, қысқы суық күнде бой жылытар ыстық кофе, шай ұсынды.

2025 жылдың 21–ақпан күні «Ғаламторға және компьтерлік ойындарға тәуелділік» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

2025 жылдың 21–ақпан күні «Жыр сұңқары Жұмекен» тақырыбында әдеби- лирикалық сағат өтті.

2025 жылдың 22–ақпан күні «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында сенбілік өтті.

2025 жылдың 28–ақпан күні «Алғысым шексіз - Жер АНА!» мазмұнды іс –шара ұйымдастырылды.

2025 жылдың 1–наурыз күні «Жаңа Қазақстан – Таза Қазақстан» акциясы аясында сенбілік өтті.

2025 жылдың 14–наурыз күні «Ардақты ана, асыл жар, әсем ару» тақырыбымен өткен сазды-бағдарламада өлең-жыр, ән мен биден шашу шашып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

2025 жылдың 19–наурыз күні «Наурызнама» онкүндігі аясындағы Ұлттық киім күні атап өтілді.

2025 жылдың 23–наурыз күні атаулы он күнде түрлі іс- шаралар өткізіп, негізгі іс- шараны «Қош келдің, Наурыз – көктемім» тақырыбымен атап өтті.

2025 жылдың 27–наурыз күні «Туберкулездың алдын алу» - тақырыбында студенттермен кездесу өткізілді.

2025 жылдың 4–сәуір күні мерейлі мерекеге орай «Ұлттар достығы - басты байлығымыз» тақырыбында мерекелік сазды бағдарлама өткізілді.

2025 жылдың 7–сәуір күні «Қаржылық алаяқтықтың алдын алу және қаржылық қауіпсіздік» тақырыбында лекция оқып, түсінік жұмыстарын жүргізді.

2025 жылдың 8–сәуір күні жастардың қауіпсіздік мәселесін күшейтіп, ғаламтор арқылы іске асатын хакерлік әрекеттерден сақтандыру мақсатында маңызды ақпараттық-семинар өткізілді.

2025 жылдың 11–сәуір күні «Заң және тәртіп - менің ұстанымым!» бірыңғай адалдық сағаты аясында студенттер эссе жазды, құқық қорғау қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылды.

2025 жылдың 18–сәуір күні Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына орай оқу орнында «Спорт - біздің серігіміз» атты эстафеталық жарыс болып өтті.

2025 жылдың 21–сәуір күні «Лудомания - ғасыр дерті» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

2025 жылдың 25–сәуір күні «Ұранды елдің - ұрпағы қайсар» тақырыбында тарихи тағылымды кеш болып өтті.

2025 жылдың 25–сәуір күні «Қазақ киносының жарық жұлдызы» атты әдеби-сазды кеш өтті.

2025 жылдың 28–сәуір күні «Ұлттық кітап күні» мерекесіне орай оқу орнымыздың кітапханасында «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында «Кітапхана-табыс мекені» тақырыбында ашық есік күні өтті.

2025 жылдың 1–мамыр күні «Бірлігі жарасқан Қазақстан» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

2025 жылдың 6–мамыр күні «Ерлік - елге мұра, ұрпаққа – аманат» тақырыбында сазды бағдарлама өтті.

2025 жылдың 14–мамыр күні «Жақсылық жасап жарысайық» тақырыбында қайырымдылық акциясы өтті.

2025 жылдың 16–мамыр күні «Жасөспірімдер арасында аутоагрессивті мінез құлықтың алдын алу. Ерте жыныстық қатынастың зардабы» тақырыбында семинар өткізілді.

2025 жылдың 19–мамыр күні «Оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту: жаңа тәсілдер және заманауи бағдарламалар» тақырыбындағы өңірлік әдістемелік күн өтті.

2025 жылдың 2–маусым күні «Ғани-ғұмыр мәңгілік,жүректе қалар жаңғырып!» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

2025 жылдың 6–маусым күні Қызылорда облысы, Қазалы ауданында өткен «Мәңгілік шырқар жырымсың» атты мүшайра өтті.

2025 жылдың 30–маусым күні «Ақ жол саған, жас түлек» тақырыбымен салтанатты жағдайда өткізіп, ұмытылмас әсер, көтеріңкі көңіл күй сыйлай білді.

**Колледждегі әлеуметтік педагогикалық қызметтің мақсаты:**

Әр білім алушының әлеуметтік статусын зерделей келе қолайлы жағдай тудыру, әртүрлі әлеуметтік категориядағы отбасы балаларымен жұмыс жасау, әлеуметтік көмекті ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес мәселені шешу үшін өздігінен жолтабуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыруды шешу болып табылады.

Колледжде әлеуметтік паспорттауды жүргізу бағыты бойынша:

- Құжаттармен жұмыс жүргізіліп, жылдық жоспар, ата-анаға кеңес беру, әлеуметтік қаматамасыз ету және студенттердің үйіне баруын тіркеу туралы журналдары жасақталды;

- 2024-2025 оқу жылына жаңадан қабылданған тұл жетім, қамқоршылықтағы жетімдер мен мүгедек студенттерді анықтап, тіркеуге алып, әлеуметтік комиссия отырысы ұйымдастырылып, тиісті мемлекеттік әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етілуіне ұсыныс берілді;

- Әлеуметтік жағдайлары бойынша ыстық тамаққа берілетін қаржылай көмекке түскен өтініштер мен тапсырылған құжаттарды қарастыру бойынша комиссия отырысына комиссия мүшелерін бекітуге ұсыныс берілді;

- Әлеуметтік жағдайлары бойынша ыстық тамаққа қаржылай көмек алу үшін колледж студенттерінен және де олардың ата - аналарынан түскен өтініштері мен құжаттары қабылданды;

- Әлеуметтік жағдайлары бойынша ыстық тамаққа қаржылай көмек алу үшін колледж студенттері мен олардың ата - аналарынан түскен өтініштері мен құжаттарын қарау үшін комиссия отырысы ұйымдастырылып құжаттар қаралды;

- Әлеуметтік жағдайлары бойынша ыстық тамаққа қаржылай көмек алу үшін колледж студенттерінен және де олардың ата - аналарынан түскен, қаралған өтініштер мен құжаттар бойынша комиссия шешімінің негізінде 2024-2025 оқу жылына тізімді бекітуге ұсыныс беріліп, бекітіліп және базаға тіркеу жұмыстары жүргізілді;

- Түрлі әлеуметтік категорияға жататын балдардың әлеуметтік картотекалары жасалды;

- Топтардың әлеуметтік паспорты жинақталып, соның негізінде колледждің әлеуметтік паспорты жасалып бекітілді;

- Жаңа оқу жылына қабылданған 1 - курс студенттерінен әлеуметтік сауалнамалар алып соның негізінде әлеуметтік картотекалары жасалды.

**Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы:**

Колледж студенттерінің ішінде сабаққа келмей жүрген, колледждің ішкі сыртқы есебіне іліккен студенттердің әлеуметтік тұрмыстық жағдайын, отбасындағы әлеуметтік – психологиялық ахуалды, ата – ана мен бала арасындағы қарым – қатынасты анықтау мақсатында олардың үйлеріне ДТІЖО, педагог - психологтар және кураторымен бірге бардық.

Кәмелетке толмаған балдардың отбасымен туындаған қиындық мәселелері бойынша ҚПБ–ң ЖПҚ ЮПт УПИ қызметкері мен ДТІЖО, педагог - психологтар және кураторымен бірге біршама жиналыстар өткізіліп отырды.

Білім алу барысында әлеуметтік категориядағы студенттердің сабаққа қатысуы мен үлгерімдеріне әлеуметтік бақылау, қадағалау жасау мақсатында студенттермен, олардың ата – аналарымен және де кураторларымен үздіксіз телефон арқылы да, жұмыс барысында да байланыста болып туындаған мәселелер дер кезінде шешіліп отырылды.

**Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке – профилактикалық жұмыс**

Анықталған тәртібі қиын балалардың тізімі алынып олардан қызығушылықтар мен қабылеттерін анықтап сол бойынша олар колледждегі үйірмелер мен клуб іс - шараларына тартылды.

Жайсыз отбасынан шыққан балалар анықталып, олардың ата - аналарымен үздіксіз байланыста болу мақсатында олармен колледжде жиналыстар өткізілді үйлеріне бірнеше рет барылды.

Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық) өзара іс - қимыл жүргізу жұмысы.

Әлеуметтік-педагогикалық тәрбие, студент тұлғасын әлеуметтендіру мен әлеуметтік-педагогикалық қорғау міндетін шешуші мекемелермен өзара байланыс жасау мақсатында денсаулық сақтау СПИД орталықтарының, әлеуметтік қорғау, ішкі істер және т.б. мекемелерінің мамандарымен колледжде ұйымдастырылған іс-шараларға студенттерді ұйымдастырып қатысып отырдық.

Топ кураторларына ата – аналармен жұмыс жасауда, түрлі категориядағы студенттермен қарым қатынастарында немесе белгілі қиындықтар туындаған кезде кеңестер мен нұсқау беріп отырдым.

Білім алу барысында студенттердің ата – аналарының жауапкершілігі жайлы мәселе туындағанда немесе қайтыс болып ата – ана қамқорынсыз қалып жатқан балалардың құқықтарын қорғау мақсатында сонымен қатар олардың НОБД базасында тіркелу мәселелері бойынша ХҚКО мен қамқоршылық және қорғаншылық ұйымдармен байланыс жасалды.

**Білім алушылардың ата–аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс**

Кураторлармен ұйымдастырылған топтың ата – аналар жиналысына қатыстым, туындаған сұраулар бойынша ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізілді және олардан балаларымен отбасындағы қарым - қатынастарын анықтау мақсатында сұхбаттасу жұмыстары жүргізілді.

Белгілі әлеуметтік категориямен тізімге енген студенттердің ата - аналарымен немесе олардың қорғаншыларымен үнемі байланыста болып туындаған мәселелері бойынша үздіксіз байланыста болды.

**Диагностикалау талдау қызметі**

Топтардың әлеуметтік паспортының негізінде әлеуметтік категорияға жататын балдарды статустарына байланысты талдау жасап тізімі жасалды.

Топтардың әлеуметтік паспорты жинақталғаннан кейін олардың ішінде жиынтық топтардың әлеуметтік паспорттары зерттеліп мониторингісі жасалып педагогикалық кеңесте ұжым алдында қорғалды.

Колледждің ішкі сыртқы есебіне тізімге енген студенттерден олардың қызығушылықтары мен қабылеттерін анықтау мақсатында сұхбаттасу жұмыстары жүргізілді.

**5. Оқу-материалдық активтер**

**5.1 Ғимараттың түрі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі және т.б.**

Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжі – оңтүстік өлкесіндегі мектептерді педагогикалық мамандармен қамтамасыз ету мақсатында ашылған Мырзашөл өңіріндегі алғашқы қарашаңырақ білім ордасы. Оқу орны Өзбек ССР Министрлер кеңесінің 1965 жылы 7- ші шілдедегі №416 қаулысына сәйкес сол жылдың 20 қыркүйегінде «Жетісай қазақ педагогикалық училищесі» болып ашылды. Содан бергі елу жеті жылдық тарих ішінде жылдармен бірге жаңарып, тәуелсіздікпен түлеп, сапалы мамандар даярлау ісінде жалғасты жаңғыруларды бастан кешірді.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігі алқасының 1994 жылғы 26-шы шілдедегі №9- шы шешіміне сәйкес Жетісай педагогикалық училищесі педагогикалық колледж болып қайта құрылды.

Қазақстан Республикасы үкіметінің 1997 жылғы 8-ші мамырдағы №814 қаулысына сәйкес оқу орны Ғ.Мұратбаев атындағы гуманитарлық колледжі болып аталды.

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 25-ші сәуірдегі №96 қаулысына сәйкес оқу орны» «Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып қайта аталды.

Еліміздің білім беру саласындағы қазіргі заманғы білім беру және материалдық-техникалық базаға, педагогикалық ұжымның жоғары кәсіби және шығармашылық әлеуетіне негізделген өңірдегі өнеркәсіптік кәсіпорындары үшін кадрларды даярлаудың тұрақты құрылымын құруға мүмкіндік берді. Колледждің стратегиялық басқару алқалы органдар арқылы жүзеге асырылады: педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес және тұрақты жұмыс істейтін пәндер кафедрасының төрағалары.

«Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжі» мекемесі – бұл, білім нарығында өз орны бар, динамикалық тұрғыда дамудағы материалдық-техникалық базаға ие және оқытудың инновациялық технологияларын қолданатын оқу орны.

Колледждің жоғары деңгейде мамандар даярлауды қамтамасыз ететін, білім беру ісінде озық инновациялық құрал-жабдықтармен жарақтандырылған, заман талабына жауап беретін оқу және материалдық-техникалық базасы қалыптасқан. Атап айтқанда, оқу ордасында студенттердің сапалы білім алуына сай 1 типтік оқу ғимараты, 2 жатақханасы білім алушыларға сапалы қызмет көрсетуде.

Оқу ғимараты 1981 жылы пайдалануға берілген. Ғимараттың жалпы алаңы 4,4807 га көлемді қамтиды, жобалық қуаты 1500 студенттің білім алуына лайықталған. Сонымен қатар оқу ғимаратының 300 орындық акт залы, 150 орындық асханасы және спорт залдары білім алушыларға қызмет көрсетуде.

Түрлі мәдени-әдеби іс-шаралар өткізуге музыкалық аппаратура, синтезатор, жылдың төрт мезгілінде көрермендерге жайлылық туғызатын жылытқыш әрі салқындатқыш кондиционерлері сатып алынды. Жасалған осы мүмкіндіктер колледж сахнасын сәулеттендіріп қана қоймай, облыстық,

республикалық деңгейдегі іс-шаралар өз деңгейінде сапалы өткізуге мүмкіндік береді.

Оқу ғимаратының атауы латын графикасы негізінде қайта жаңартылды. Колледждің ішкі дәліздері мен фоелері ағымдық жөндеуден өткізіліп, жаңа стенділер ілінді. Фоенің келуші қонақтарға арналған жұмсақ орындары мен жиһаздары жаңартылды. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтің тапсырмасына сай оқу ғимаратының ішіне ішкі дәретханалар, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жеке дәретханасы мен жүруіне оңтайлылық туғызатын тактилді сары жолақтары орнатылды. Ал, колледждің жасыл-желекпен көмкерілген студенттердің демалыс саябағына отыратын орындықтар орнатылып, оқу орны алды мен жатақхана алаңшалары жарық шамдарымен қамтамасыз етілді. Осы істелген игі жұмыстардың өзі білім мекемесінің сәулетін асырып қана қоймай, биік мақсатқа жол алған бағытын айқындап тұр.

Бүгінде студенттердің заман талабына сай білім игеруіне барлық жағдайлар қарастырылған. Оқу орнында компьютер сыныптары, лингафон және мультимедиялық кабинеттер, зертханалар мен шеберханалар, арнайы оқитын, жеке сабақтарға арналған, жалпы білім беретін пәндерге арналған оқу кабинеттері осы бағытта қызмет көрсетеді. Оқу үрдісінде материалдық-техникалық базаны нығайту, білім сапасын арттыру мақсатында 8 компьютер сыныптары заманауи компьютерлермен жабдықталды.

Оқу орнымыз заман талабына сай жабдықталып, бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсті «Бастауыш білім беру», «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», «Алғашқы әскери дайындық» кабинеттермен, «Светодиодный экранмен», 15 интерактивті панель, STEM кабинет, STEM лаборатория, 27 моноблок, 1 электронды трибуна және т.б. толықты. STEAM кабинеті 3D принтерлермен, Studica ROBOTICS робототехникалық конструктор құралдарымен, моноблоктармен, жаңа жиһаздармен жабдықталған.




Кітапхана



Акт залы



Спортзал



Мед.пунк



**5.2 Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (оқу кабинеттері, спорт залдары, шеберханалар, зертханалар, өткізу пункттері, санитарлық тораптар, білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы), оның ішінде алаңы бар оқу үй-жайлары)**

**Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу қарастырылмаған.**

**5.3 edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер**

**getgumcoll.edu.kz**

**5.4 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер**

Пандус 2 шт 15.5м2. Кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін парта 12, орындық 12.

**5.5 Студенттердің тұруы үшін жағдай жасау туралы мәліметтер**

Оқу орнының студенттерге арналған 2 жатақханасы бар. Олардың әрбірі заман талабына сай жабдықталып, студенттердің сапалы білім алу жолындағы өз міндеттерін толықтай атқарып тұр.

2023 жылы №1 және №2 жатақханаларға ағымдағы жөндеу, безендіру, жаңарту жұмыстары жүйелі жүргізілді. Студенттердің жатын бөлмелері жаңа жиһаздармен, атап айтқанда 390 дана кровать, 188 дана асханалық үстел, 700 дана орындық, 220 дана тумба, 170 дана киім ілуге арналған шкаф, 25 дана жұмсақ дивандар (мягкий уголок), 60 дана киім ілгіш, 10 дана газ плита, 23 дана газ сорғыш (вытяжка), 10 дана кір жуғыш автоматты машиналар, 30 дана кір кептіргіш, 30 дана үтіктеу тақтасы, 6 дана диспенсер, 2 дана бу үтігі, 14 дана шаңсорғыш, 6 дана теледидар, 9 тоназытқыш, 20 дана қысқатолқынды пеш, төсеніш-жаймалармен (525 дана көрпе, 375 дана матрас, 525 дана жастық, 420 дана төсек жайма, 450 дана төсек жапқыш), 500 метр төсеніш кілемшелер, 10 дана кілеммен жаңаша заман талабына сай жабдықталды.

№1 жатақханаға өрт дабылы, №1 және №2 жатақханаларға бейнебақылау камералары орнатылды.

№1 жатақхана 4 қабаттан тұрады, 2011 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Бірінші қабатта студенттер емханасы, киім үтіктеу бөлмелері, азық-түлік сақтау үшін тоңазытқыш қойылған бөлме, комендант, тәрбиешілер бөлмесі, оқу кабинеттері бар. Қалған үш қабаты 292 орыннан тұрады. Аталған бөлмелер жарық әрі сәнді жабдықталған.

№2 жатақхана 4 қабаттан тұрады, оған 2012 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

1, 2 қабаттары оқу кабинеттеріне ыңғайластырылған.

Бірінші қабатында 07230100 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандықтарына арналған оқу кабинеттері, 4 тігін цехы, 02151000 «Халықтық көркем шығармашылығы (түрлері бойынша)» мамандығына арналған 2 би сыныбы, костюмдер сақтайтын бөлме, студенттердің сабаққа байланысты киім ауыстыратын (гардероб) 4 бөлме, грим класы – 2, мәдени-тынығу жұмыстарын ұйымдастыру пәніне арналған оқу кабинеттері бар. «Өнер» бөлімі меңгерушісінің жұмыс кабинеті, комендант, тәрбиешілер бөлмесі орналасқан.

2021 жылы №2 би сыныбы талапқа сай жабдықталды.

Екінші қабатта 01140200 «Музыкалық білім беру» мамандығының жеке сабақтарына арналған оқу кабинеттері орналасқан. Жеке кабинеттер кабинет атауына сай музыкалық аспаптармен толықтырылған және колледж мұрағаты бөлмелері бар.

Қалған екі қабаты 170 орындық студенттер жатақханасы болып табылады. Жатақханаға мұқтаж студенттер 100% жататын орындармен қамтамасыз етілген. Фоелері жарық, жатын бөлмелер толық жихаздалған.

Оқу ғимараттары мен жатақханаларындағы жылыту жүйесі мен қауіпсіздік шаралары – басты назарда. Сол мақсатта 2021 жылы жылыту қазандықтарына сәйкес газ есептегіш «Счетчик мембраннай-G-25 Metrij», «Счетчик-СГ16МТ-100 Корректор.mini Elcor» құралдары орнатылды. Ал, газ құбырларының ақауы орын алып, газге ұланып қалуы мен өрт қауіпсіздігінің алдын алуды хабар беретін дабылқаққыштар №1 және №2 жатақханалардағы газ плиталарға орнатылды.

№1 жатақханаға өрт дабылы, №1 және №2 жатақханаларға бейнебақылау камералары орнатылды.






**5.6 Мамандықтың дайындалатын біліктіліктері бойынша білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандырылуы туралы мәліметтер (ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70, 07.03.2012 ж. 97 бұйрықтары)**

**5.7 Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер**

Колледжге қарасты 150 орындық асхана бар. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы 2021 жылдың 15 қазан күні №X.17.X.KZ29VWF00050173.

**Асхана**



## 6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

### 6.1 Білім алушылар контингентіне қатысты жұмыс оқу жоспарына сәйкес, оның ішінде оқыту тілдері бойынша, мамандықтың (ТжКБ) даярланатын біліктіліктері бойынша оқудың толық кезеңіне арналған оқу және ғылыми әдебиеттің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер

Білім беру мекемелерінің мамандар даярлау ісінде бәсекелестік қарқын алған бүгінгі кезеңде білім мен тәрбиенің сапалы болуы – оқу орнының оқу-әдістемелік кешенінің дамытылуына, кітапхана қорының кезең-кезеңімен жаңа оқулықтар мен әдістемелік көмекші құралдармен толықтырылуына тікелей байланысты. Осы мақсатта колледждің кітапханасы мен оқу залы білім алушылардың талғам – сұранысына сай жұмыс жасап келеді.

Кітапханамыздың кітап қоры да бай, жалпы қоры – 110330 кітап. Оның ішінде оқу-әдістемелік кітаптар – 13779, оқулықтар – **86653,** әдеби кітаптар – **9898**, электрондық оқулықтар – 864.

Кітапхана орналасу көлеміне тоқталсақ:

| № | Кабинет атауы | Көлемі |
|---|---|---|
| 1. | Кітапхана | 9 х 6 = 54 м кв |
| 2. | Кітап тарату бөлмесі | 2,9 х 6 = 17,4 м кв |
| 3. | Оқу залы | 8,9 х 6 = 53,4  м кв |

Кітапхана қоры жыл сайын жалпы білім беру пәндері және арнайы пәндер, әдістемелік, көркем әдебиеттерімен толықтырылуда.

Кітапхана «Mega Rabis»  бағдарламалық жүйесіне қосулы. Кітапханаға «Mega Rabis» бағдарламасын қосудағы мақсатымыз – кітапхана қорындағы оқулықтарды есепке алу, «Getgumcoll.edu.kz» колледж сайтында «Mega Rabis» бағдарламасының электронды кітапхана сілтемесіне кіріп оқырмандардың қажетті оқулықтарға қол жеткізуіне мүмкіндік жасау.Бүгінгі таңда колледж оқытушылары мен студенттері «Getgumcoll.edu.kz» сілтемесі арқылы оқулықтардың электронды нұсқасын пайдаланып отыр.

Колледж кітапханасының оқу  залында  орнатылған АКТ құралдары:

1.Интернет желісіне қосылған компьютерлер -12 дана;

2.Интерактивті тақта -1 дана;

3.Интерактивті панель- 1 дана;

4.Ноутбук – 1 дана;

5.Принтер-1 дана;





**Жалпы кітап қорына тоқталсақ:**
**2024-2025 оқу жылдарындағы жалпы кітап қоры туралы мәлімет**

| **Барлығы/ Оқу жылдары** | **Кітапхана қоры** | **Оқулықтар** | **Оқу-әдістемелік оқулықтар** | **Электронды оқулықтар** | **Әдеби кітаптар** | **Оқырмандар саны** | **Оқулықтың берілуі** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2024-2025 | 110330 | 86653 | 13779 | 864 | 9898 | 1660 | 8010 |

Кітап қорының құрылымы:

| № | Қор құрылымның аты | Көш. саны | Соның ішінде | | % | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | орыс тілінде | қазақ тілінде | орыс тілінде | қазақ тілінде |
| 1 | Арнайы пән оқулықтары | 22607 | 6180 | 16427 | 29,4 | 71 |
| 2 | Әдістемелік оқулықтар | 13813 | 235 | 13578 | 2 | 98 |
| 3 | Көркем әдебиеттер (дана) | 9898 | - | 9898 | - | 100 |
| 4 | Жалпы білім беретін оқулықтар | 64012 | 2031 | 61981 | 3,2 | 97 |
| 5 | Электрондық оқулықтар (дана) | 864 | 338 | 526 | 39,1 | 60,9 |
| 6 | Кезеңдік басылым | 25 | - | 25 | - | 100 |
| 7 | Кітапханалық қор (дана) | 110330 | | | | |

Жыл сайын алынған оқу және әдістемелік әдебиеттер:

| **Оқу жылы** | **2024-2025 оқу жылы** |
|---|---|
| **Данасы** | **0** |

Оқу әдебиеттерінің электрондық (ЭОА) және магниттітасымалдаушылармен қамтамасыз етілуі

| **Оқу жылы** | 2024-2025 оқу жылы |
|---|---|
| **Данасы** | 864 |

Студенттер контигентіне шаққандағы кітап қоры

| Жылдар | Келтірілген контингент | Жалпы кітап қоры | Бір студентке шаққандағы кітап |
|---|---|---|---|
| 2024-2025ж | **1660** | 110330 | 1,2 |

**Колледжде дайындалатын мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес, оқыту тілдері бойынша, оқудың толық кезеңіне арналған оқу және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер**
**2024-2025 оқу жылы**

| **Мамандықтар атауы** | **Барлық оқу әдебиеттерінің саны** | **Мемлекеттік тілде** | **Орыс тілінде** |
|---|---|---|---|
| 07230100«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» | 6006 | 5936 | 70 |
| 06130100«Бағдарламалық қамтамасыз ету» (түрлері бойынша) | 6005 | 5337 | 668 |
| 01140700 «Информатика» | 2830 | 2230 | 600 |
| 07140500 «Сандық техника» (түрлері бойынша) | 13464 | 12748 | 716 |
| 06120100 «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» (түрлері бойынша) | 2779 | 2179 | 600 |
| 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» | 7757 | 7702 | 55 |
| 01140500 «Дене тәрбиесі және спорт» | 10980 | 10410 | 570 |
| 01140100 «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» | 36645 | 35449 | 1196 |
| 01140200 «Музыкалық білім беру» | 3133 | 3073 | 60 |
| 02151000 «Халықтық көркем шығармашылығы» (түрлері бойынша) | 3121 | 3061 | 60 |
| 01140600 «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» | 17610 | 16235 | 1375 |
| **Барлығы** | 110330 | 104360 | 5970 |







**Кітапхана қызметкерлерінің сапалық құрамы:**

| № | Аты – жөні | Білімі, мамандығы | Еңбек өтілі | Санаты |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Мизамиева Г.Ю. | Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филолог. 1995ж. | 30 ж. | Педагог - модератор |

Кітапхана қызметкерлері кітапханада және кітапханадан тыс көркем әдебиеттен бастап, баспа түріндегі немесе электрондық ақпарат түрлеріндегі әртүрлі кітаптарды және ақпарат көздерін пайдалануға көмектеседі. Жалпы кітап қорымен жұмыс жүргізуде кітапхана қорының толықтыруларына, сақталуына, орналасуына аса назар аударамыз. Сұраныстың уақытымен берілуі, баспалармен тікелей келісім–шартқа отыру, қордағы жарамсыз кітаптардың жарамсыздық актісімен есептеп шығарылуы, алынған жаңа кітаптардың қабылдануы, қордың қайта есебін алу тұрақты атқарылады.

«Фолиант», «Мектеп», «Отан», «Арман ПВ», «Атамұра», «Альманах», «Лантар Books» баспасымен байланыс орнатып, баспадан шығатын оқулықтар мен оқу құралдарының тізімі студенттер мен оқытушыларға таныстырылады. Сұраныс бойынша тапсырыс берілген кітаптар мен оқулықтардың уақытылы жеткізілуі және оның оқырман қолына уақытылы табысталуы кітапхана қызметкерлері тарапынан үнемі бақылауда ұсталады. Жаңадан келіп түскен кітаптар мен таныстыру жұмыстары жүргізіліп отырады.





## Колледж кітапханасында атқарылатын іс-шаралар

Колледж кітапханасы библиографиялық қызмет атқаруда жан-жақты бағытта жұмыс жасайды. Ақпараттық- библиографиялық жұмысының ең маңызды түрінің бірі-кітап көрмесі. Көрмелер әртүрлі және әр типті баспа басылымдары мен басқа да құжаттардың белгілі бір іріктеу түрімен біріккен жүйе жинағы.

Колледждің оқу-көмекші, ғылыми, идеологиялық және мәдени ағартушылық бөлімшесі кітапхана болып табылады, ол оқу процесінің және тәрбие іс-шараларын ақпараттық библиографиялық қолдауды қамтамасыз ететіні белгілі. Осыған орай кітапхана қызметкерлері тарапынан колледж кітапханасының жылдық іс-жоспары, «Оқуға құштар колледж» Тұжырымдамасының жоспарлары аясында жоспарға сәйкес өтетін іс-шаралардың маңызы өте зор.

Көрмелер ұйымдастыру- ақпараттық міндеттерді орындаумен қатар, оқырманның кітапқа деген қызығушылығын дамытуды мақсат етеді. Жылдық жоспарға сәйкес кітапханада, оқу залында, колледж ғимараты фойелерінде, акт залы мен оқу кабинеттерінде сұранысқа сәйкес көптеген кітап көрмелері, дөңгелек үстел, рухани әңгімелер т.б. іс-шаралар өткізіліп, фейсбук,инстаграм желілері мен колледж сайттарында жарияланып отырады.

«Оқуға құштар колледж» жобасы аясында оқу залында Алаш қайраткерлері Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров пен Бейімбет Майлиннің 130 жылдығына арналған «Үш бәйтерек-үш діңгек» дөңгелек тақырыбындағы үстел.




https://www.instagram.com/p/DBiWBWbyf8e/?igsh=MWFkc25uOGs5dWgzbQ==

«Оқуға құштар колледж» жобасы аясында өткен «Кітапхана – табыс мекені» ашық есік күніне орай ұйымдастырылған көрме.



https://www.instagram.com/reel/DAlV2XlsgQU/?igsh=MWFvM3g3NXk2cmR5MQ==

«Оқуға құштар колледж» жобасы аясында колледжде өткен «Тілім менің мерейім!» атты өлең оқу байқауы




https://www.instagram.com/reel/DAlWnggsvIi/?igsh=bG9wZzR4Mjc4NXI2

Кітапханада осындай тақырыптық кештер, пірталас, хабарлама сағаттар өткізу, видеороликтер тағайындау- кітапхананың әрбір кітабын насихаттауда атқаратын рөлі зор.

**6.2 Компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен жарақтандыру туралы мәліметтер**

7 компьютер сыныбы, 80 компьютер, оның ішінде 44 компьютер интернет желісіне қосылған, 100 мбит/с жылдамдықты оптикалық талшықты интернетке қосылған.

**7. Білім алушылардың білімін бағалау**

7.1 Білім алушыларды қорытынды және қайталама қорытынды аттестаттау, кешенді тестілеу нәтижелерін талдау

| Мамандық атауы | Бітіру шілер саны | Оның ішінде | | Оның ішінде | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бюджет | ақылы | үздік | жай |
| 01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту 4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі | 34 | 34 | | 3 | 31 |
| 01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі 4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі | 21 | 21 | | 4 | 17 |
| 01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі 4S01140102 Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі | 25 | 25 | | | 25 |
| 01140200 Музыкалық білім беру 4S01140201 Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі | 11 | 11 | | | 11 |
| 01140500 Дене тәрбиесі және спорт | 38 | 38 | | 1 | 37 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4S01140501Дене тәрбиесі мұғалімі | | | | | |
| 02151000 Халықтық көркем шығармашылығы (түрлері бойынша)<br>4S02151001 Көркемөнерпаздар хореографиялық ұжымының жетекшісі, оқытушы | 16 | 16 | | | 16 |
| 06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)<br>4S06130103 Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы | 41 | 41 | | 7 | 34 |
| 07140500 Сандық техника (түрлері бойынша)<br>4S07140504 Техник-электронщик | 13 | 13 | | 2 | 11 |
| 06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)<br>3W06120101 Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы | 91 | 91 | | 0 | 91 |

**2024-2025 жылдардағы бітірушілер туралы мәлімет**

### 7.2 Аралық аттестаттау қорытындыларын талдау

**2024-2025 оқу жылындағы аралық емтихан нәтижелерінің қорытындысы**

| № | Білім алушылар | | | | | Орта балл | Жалпы білім сапасы % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы I- IV курс | Үздік | Үлгерімі жақсы | Үлгерімі орташа | Үлгерімі төмен | | |
| 1 | 1660 | 101 | 1264 | 225 | 70 | 3,8 | 82,2 |

## 8. Білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасы және т. б.

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау.

### Қорытынды

Ғани Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық - техникалық колледжін таныстыра отырып, негізгі тұтынушылардың (студенттер мен олардың ата-аналары мен жұмыс берушілері) пікірлеріне сәйкес колледж түлектері, ҚР Білім беру ұйымдарының өкілдері жақын және алыс шетелдердің және ҚР Білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестер

колледж көшбасшылығының ұстанымдарын негізінде, растау кешені талданды.

Колледж сапалы білім беру қызметіне оқытудың жаңа инновациялық технологияларын енгізді, ҚР техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары арасында көшбасшы мекемелердің бірі болып саналады. Колледж түлектері еңбек нарығында ел экономикасын дамыту бойынша еркін бәсекеге ие болып келеді.

Қазіргі уақытта колледж ҚР ТжКБ ұйымдары арасында бәсекеге қабілетті оқу орны ретінде ерекшеленеді:

- қазіргі заманғы материалдық-техникалық база МЖМБС және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді;
- оқытудың инновациялық технологияларын қолданатын білікті педагогтардың құрамы өсті;
- колледж түлектері еңбек нарығында сұранысқа ие;
- ҚР, алыс және жақын шетелдердің ірі оқу және ғылыми орталықтарымен шығармашылық байланыстардың болуы;
- студенттердің осал топтарына әлеуметтік жеңілдіктер беру;
- ақпараттық жүйелермен, Интернет желісімен және веб-сайттармен деректер базасының болуы;
- колледжді басқару процесін одан әрі дамыту үшін қажетті ресурстардың болуы.

Колледж әр түрлі қаржы көздерін: жергілікті бюджет, республикалық бюджет және колледждің меншікті қаражатын шебер пайдаланады.

Қаражаттың едәуір бөлігі студенттерді оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдай жасауға, аудиторияларды қайта құру мен жөндеуге, оқу корпусы мен аумақты эстетикалық талаптарға сәйкес жақсарту мен көгалдандыруға бағытталған.

Колледж басшылығы стратегиялық даму бағдарламасын негізге ала отырып, өз міндеттерін орындай отырып, ұжымды алға қойған мақсаттарға тиімді түрде жетуіне апарады.

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
4-қосымшасы

**Бағалау парағы**

Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжі
(білім беру ұйымының аталуы)

| № п/п | Бағалау өлшемшарттары | Өлшеуіштер | Балдары |
|---|---|---|---|
| 1 | Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі | 100% | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей ) үлесі | 95 - 99 % | 4 |
| 3 | Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі | 100% | 5 |
| 4 | Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлері үшін даярланатын білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар (жұмысшы біліктіліктерін қоспағанда) бойынша педагогтердің жалпы санынан) | 85 - 99 % | 4 |
| 5 | Даярланатын білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын білім беру ұйымдарының жалпы білім беретін пәндері бойынша педагогтердің үлесі (жұмысшы біліктіліктері үшін) | 100 % | 5 |
| 6 | Даярланатын білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын өнер және мәдениет саласында білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін педагогтердің үлесі | 75 - 99 % | 4 |
| 7 | Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын, даярланатын білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша педагогтер санынан педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушідің, педагог-шеберлердің және (немесе) магистр, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар адамдардың үлесі (техникалық және кәсіптік білім беру үшін) | 30 - 64 % | 3 |
| 8 | Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын, даярланатын білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша педагогтер санынан педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушідің, педагог-шеберлердің және (немесе) магистр, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылым докторы, | 40 %-дан төмен | 2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ғылым кандидаты, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар адамдардың үлесі (орта білімнен кейінгі білім беру үшін) | | |
| 9 | Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын даярланатын білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар (мамандық бойынша педагогтердің) бойынша педагогтер санынан ұйымдарда және/немесе өндірісте көлемі соңғы 3 жылда төменінде 36 сағат тағылымдамадан өткен арнайы пәндер педагогтерімен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі | 100 % | 5 |
| 10 | Магистр дәрежесі, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар педагогтермен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі | 10 - 54 % | 3 |
| 11 | Студенттердің тұруы үшін жағдайлар жасау, жекене шаруашылық жүргізу, немесе жедел басқару, немесе сенімгерлік басқару құқығымен, немесе жатақханалардың, және/немесе хостелдердің және/немесе қонақ үйдің тұруын қамтамасыз ететін толық оқу кезеңіне жалға алу құқығымен тиесілі болуы | 100 % | 5 |
| 12 | Білім беру ұйымдары түлектерінің мамандық бойынша жұмысқа орналасуы және жұмыспен қамтылуы туралы мәліметтер, бұл ретте мамандық бойынша бітірушілердің жалпы санынан жұмысқа орналасқандардың және жұмыспен қамтылғандардың бір жыл ішіндегі үлесі | 75 - 87 % | 3 |
| 13 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 07 наурыздағы № 97 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7574 тіркелген) сәйкес білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру | 100 % | 5 |
| 14 | Білім алушылар контингентіне қатысты оқу жұмыс жоспарына сәйкес, оның ішінде даярланатын білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша толық оқу кезеңіне оқу тілдері бойынша оқу және ғылыми әдебиеттің кітапханалық қорының болуы | 95 - 99 % | 4 |